



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Қазан 2025

Қазанда жылдық инфляция 12,6%-ға дейін төмендеді. Бұл, көбіне, қызметтер бағасының өсуі бәсеңдегеніне байланысты болды. Ал азық-түлік пен азық-түлік емес тауарлар инфляциясы, керісінше, жеделдей түсті. Ең үлкен үлесті бұрынғыдай азық-түлік инфляциясы қосып отыр.


Айлық инфляция да 0,5%-ға дейін баяулады оған ақылы қызметтердің айлық дефляциясы әсер етті. Маусымдық тазартылған инфляцияда да осыған ұқсас динамика байқалып, көрсеткіші 0,8%-ға дейін төмендеді.

Маусымдық тазартылған баға өсімі барлық компонентте баяулады, соның ішінде ақылы қызмет инфляциясы нөлге жуық деңгейге түсті. Маусымдық факторлар ескерілген инфляцияның айлық мәні, азық-түлік тауарлары бойынша 1,33%-дан 1,23%-ға, азық-түлік емес тауарлар бойынша 1,45%-дан 1,11%-ға, қызметтер бойынша 1,09%-дан (-)0,04%-ға дейін төмендеді.

Маусымдық факторларды ескергенде, ең қатты қымбаттаған балық пен теңіз өнімдері, ет, көкөніс, жеке күтім тауарлары, жанар-жағармай, дәрі-дәрмек, сатыға бөлінбеген білім беру, кешенді демалыс ұйымдастыру, тұрғын үй жөндеу мен қоғамдық тамақтану қызметтері болды. Сонымен қатар, сумен, газбен және электр қуатымен қамтамасыз ету қызметтері айтарлықтай арзандады.


Маусымдық тазартылған инфляция 1,3%-дан 0,8%-ға дейін айтарлықтай баяулағанына қарамастан, маусымдық тазартылған базалық инфляцияның медианалық мәні 1,1%-дан 1,0%-ға аздап қана төмендеді. Бұл баяулауға, негізінен, базалық инфляцияны есептеуге кірмейтін реттелетін қызметтер әсер еткенімен, тауарлар мен нарықтық қызметтері бағасының өсімі қалыпты қалғанымен байланысты. Базалық инфляцияның өзге көрсеткіштері де инфляциялық процестердің тек шамалы ғана баяулағанын растайды.

1-график. Инфляция көрсеткіштері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-график. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілген баға өсімі, а/а, аннуал., %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

3-график. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік бағасы жоғары әлемдік бағалардың, азық-түлік экспортының кеңеюі және ішкі шығындардың өсуі жағдайында қымбаттап жатыр. Қазанда жылдық азық-түлік инфляциясы 13,5% болды (қыркүйекте – 12,7%). Айлық өсім – 1% (0,9%). Азық-түлік инфляциясына ең қатты әсер етіп отырған – ет бағасының, соның ішінде, сиыр еті бағасының өсуі. Бұл экспорттың ұлғаюына және ішкі нарықтағы ұсыныстың қысқаруына байланысты. Сүт өнімдерінің қымбаттауы – сүт өндірісінің азаюынан, ал жұмыртқа бағасының өсуі – өндірушілер шығындарының артуынан туындады. Сонымен қатар бұрын төмендеп, тежеуші әсер берген көкөніс бағасының әсері маусымдық әлсіреп, азық-түлік инфляциясының жеделдеуіне ықпал етіп отыр.

Азық-түлік емес тауарлар бағасының өсуі тұрақты сұраныс, импорт бағасының өсуі мен ЖЖМ-ның қымбаттау әсері барын көрсетеді. Жылдық баға өсімі 11%-ға дейін жеделдеді (қыркүйекте – 10,8%), ал айлық көрсеткіш керісінше 1,2%-ға дейін баяулады (1,5%). ЖЖМ нарығын дерегуляциялау жағдайында ЖЖМ бағасының өсуі – азық-түлікке жатпайтын инфляцияның басты факторы болып қалып отыр. Тұрақты тұтыну сұранысы мен жоғары импорт бағасы дәрі-дәрмек, киім-кешек пен аяқкиім, жеке тұтыну тауарлары сияқты тауарлардың кең ауқымының бағасын өсіріп, баға қысымын күшейтіп отыр.


Ақылы қызмет инфляциясы реттелетін ТКҚ тарифтерінің төмендеуі ықпалынан баяулады. Қазанда ақылы қызмет бағасы жылдық мәнде 12,9%-ға өсті (қыркүйекте – 15,3%), ал айлық мәнде 0,8%-ға төмендеді (1% өсім). Реттелетін ТКҚ құрылымында сумен қамту тарифі 40%-ға, тарату желілері арқылы тасымалданатын газ 10,7%-ға, электр энергиясы 2%-ға, жылу 0,2%-ға арзандады. Осы қызметтердің арзандауы ақылы қызметтер және жалпы инфляцияның баяулауына айтарлықтай ықпал етті. Осы уақытта, нарық қызметтері ары қарай қымбаттауда. Бөлек алғанда – амбулаториялық қызмет, шаштараз, қоғамдық тамақтану, жалдау ақысы және сатыға бөлінбеген білім беру қызметтері бойынша өсім байқалды.

4-график. Азық-түлік инфляциясы, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

5-график. Азық-түлік емес инфляция, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

6-график. Ақылы қызмет инфляциясы, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түліктің сыртқы және ішкі бағалары

2025 жылғы қазанда ФАО-ның азық-түлік бағалары индексі 126,4 тармаққа түсті (қыркүйекте – 128,5 тармақ), яғни айлық мәнде 1,6%-ға және жылдық мәнде 0,3%-ға төмендеді. Бұған дәнді дақылдар, сүт өнімдері, қант пен еттің арзандауы әсер етті, ал өсімдік майлары, керісінше, оң үлес қосты.

Қазанда дәнді дақылдар бағасы түсті. Бидай құны жаһан бойынша ұсыныстың мол болуы мен Оңтүстік жартышар елдеріндегі өнім алуға қатысты жақсы болжамдар аясында төмендеді. Жеткізілім көлемінің көптігіне байланысты жүгері, арпа және сорго да арзандады, бұл ретте ЕО мен АҚШ-тағы өнімділіктің қысқарғаны туралы хабарларға қарамастан баға одан ары төмендеді. Күріш бағасы ұсыныстың өсуі мен негізгі егін жинаудың басталуына байланысты төмендеді.

Өсімдік майлары қымбаттап, 2022 жылғы шілдеден бергі ең жоғары деңгейге жетті. Өсім өнімнің барлық негізгі түрлерінде байқалды: пальма майы – Индонезиядағы ұсыныс қысқарады деген күтулерге байланысты, күнбағыс майы – Қара теңіз өңірінен жеткізілімдердің шектелуі мен фермерлердің ұсынысты ұстауы салдарынан, рапс пен соя майлары – ЕО-дағы шектеулі ұсыныс пен Бразилия мен АҚШ-тағы сұраныстың артуы аясында өсті.

Еттің әлемдік бағасы сегіз ай қатарынан тіркелген өсімін тоқтатып, төмендеді. Бұған артық ұсыныс пен Қытай тарапынан сұраныстың бәсеңдеуіне байланысты шошқа еті мен құс еті бағасының арзандауы себеп болды. Аустралиядан жеткізілімдер молайғандықтан, қой еті де арзандады, ал әлемдік тұрақты сұранысқа байланысты сиыр етінің бағасы ары қарай өсті.

Сүт өнімдері бағасы төмендеу трендін сақтады: негізгі санаттардың бәрі арзандады. Бұл динамика негізгі экспорттаушылардың өндіріс көлемін арттыруы, сондай-ақ Азия мен Таяу Шығыс елдері тарапынан сұраныстың баяулауы әсерінен қалыптасты.

Қант бағасы да бірнеше жылдағы ең төмен деңгейге түсті. Бұған Бразилияда өндіріс көлемінің жоғары болуы мен Үндістан мен Таиландтағы өнімге қатысты болжамдардың жақсаруы ықпал етті.

Ет, қант пен дәнді дақылдардың ішкі-сыртқы баға дифференциалы өткен аймен және 2024 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда ары қарай ұлғайып барады, бұл әлемдік бағалардың төмендеуі ішкі бағаларға баяу әсер етіп жатқанын көрсетеді.

1-таблица. Азық-түліктің ішкі және сыртқы бағалары (желт.2019=100)

	2024		2025		
	Қазан	Желтоқсан	Тамыз	Қыркүйек	Қазан
Дәнді дақылдар (ФАО)	149,0	155,1	152,6	152,1	149,9
Ұн ТБИ	198,8	199,2	201,4	202,2	203,4
Баға айырмашылығы, п.т.	49,8	44,0	48,8	50,1	53,5
Өсімдік майы (ФАО)	190,8	216,6	234,5	233,6	235,2
Өсімдік майы ТБИ	157,8	168,7	192,9	195,2	195,6
Баға айырмашылығы, п.т.	32,9	48,0	41,6	38,4	39,7
Қант (ФАО)	197,9	195,0	175,6	169,1	159,8
Қант ТБИ	214,4	207,0	231,0	231,3	226,9
Баға айырмашылығы, п.т.	16,5	12,0	55,4	62,2	67,0
Ет (ФАО)	142,6	153,0	168,6	169,8	166,2
Ет ТБИ	154,2	155,1	178,4	183,2	186,6
Баға айырмашылығы, п.т.	11,6	2,1	9,8	13,4	20,4
Сүт өнімдері (ФАО)	169,7	184,9	206,9	200,7	193,6
Сүт өнімдері ТБИ	177,6	180,2	187,7	190,9	193,7
Баға айырмашылығы, п.т.	7,9	4,8	19,2	9,9	0,1

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

Анықтама: кестеде БҰҰ ФАО азық-түлік индекстері көрсетілген, олар АҚШ долларына шаққандағы теңгенің орташа айлық бағамы бойынша қайта есептелген. Қызыл түс – ішкі бағалар әлемдік бағалардан жоғары (теріс айырма), жасыл түс сыртқы бағалар ішкі бағалардан жоғары (оң айырма) екенін көрсетеді.


Өндірушілер бағасы

2025 жылғы қазанда азық-түлік өнеркәсібінде бағаның өсу үрдісі сақталды. Негізгі ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілердің бағалары көтеріліп, бұл өңдеу кәсіпорындарының шығындарына тікелей әсер етті. Мал сою қарқыны қалыпты деңгейде. Сыртқы сұраныстың өсуі мен экспорт бағаларының жоғары болуы бірқатар азық-түлік тауарларының экспортын ұлғайтып, ішкі нарық ұсынысын қысқартып отыр. Сонымен қатар ауылшаруашылық және тамақ өнімдерінің өзіндік құнына коммуналдық тарифтердің өсуі, энергия тасымалдаушылардың қымбаттауы және логистикалық қызметтер тарифінің көтерілуі қосымша қысым түсіріп отыр.


Ішкі өндірістің қымбаттауымен қатар импортталатын азық-түлік бағасы да өсіп келеді. Ресейдегі инфляцияның жоғары деңгейі және Ресей рубльге шаққанда теңгенің әлсіреуі ТМД елдерінен келетін импорт бағасын өсірді. ТМД өндірісіндегі азық-түлік сегментінде ет өнімдері, нан-тоқаш және кондитерлік тауарлар, өсімдік майлары, ірімшік пен сүзбе қымбаттады. ТМД-дан тыс елдерден келетін тауарлар құрылымында шоколад және өзге кондитерлік өнімдер, кофе мен дәмдеуіштер, сондай-ақ теңіз өнімдерінің көтерме бағалары өсті.

Азық-түлік емес тауарлардың көтерме бағалары салыстырмалы түрде баяу өсіп келеді. Дегенмен отандық өндірісте бірқатар позиция бойынша баға жеделдегені байқалады: қазанда отандық бензиннің көтерме бағасы жылдық мәнде 10,9%-ға, фармацевтикалық тауарлар 8,7%-ға өсті. ТМД елдерінен әкелінетін тұрмыстық техника, жеке гигиена құралдары, қағаз өнімдері де қымбаттап жатыр. Ал ТМД-дан тыс елдерден жеткізілетін тауарлар бойынша қазанда тұрмыстық электр құралдары мен зергерлік бұйымдардың арзандауына байланысты көтерме бағаның қымбаттауы бәсеңдеді.


7-график. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер бағасы, %, ж/ж



8-график. Азық-түлік тауарларының көтерме бағасы, %, ж/ж



Азық-түлік емес тауарлардың көтерме бағасы, %, г/г



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ